

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11
«Әлеуметтану және саясаттану» пәннің жұмыс оку бағдарламасы	40-беттің 1- беті

### Силлабус

**«Әлеуметтік гуманитарлық пәндер» кафедрасы**  
**«Әлеуметтану және саясаттану» пәннің жұмыс оку бағдарламасы**  
**«6B10116 «Педиатрия» Білім беру бағдарламасы**

<b>1. Пән туралы жалпы мағлұмат</b>			
<b>1.1 Пән коды:</b> AS 2109	<b>1.6 Оку жылы:</b> 2024-2025		
<b>1.2 Пәннің атауы:</b> Әлеуметтану және саясаттану	<b>1.7 Курс:</b> 2		
<b>1.3 Реквизитке дейінгі:</b> Қазақстан тарихы, Күқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер, философия	<b>1.8 Семестр:</b> 4		
<b>1.4 Реквизиттен кейінгі:</b> -	<b>1.9 Кредиттер саны (ECTS):</b> 120 (4 кредит)		
<b>1.5 Циклі:</b> ЖБП	<b>1.10 Компоненті:</b> МК		

<b>2. Пәннің сипаттамасы (50 сөзден аспау қажет)</b>			
Әлеуметтану пәнаралық модуль ретінде қоғамда тұлғааралық қатынастар жүйесін, қоғам табиғатын, оның топ жүйесін, институттарды тануын әлеуметтік – саяси білімінің қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Саясаттану әлемдік саясатта заң және заңдылық және қазіргі саяси үдерістер туралы білімдерді қалыптастырады. Әлеуметтік әлемді түсінудегі әлеуметтану. Әлеуметтанулық зерттеулер. Қоғамның саяси жүйесі. Саяси режимдер. Саяси шиеленістер мен дағдарыстар.			

<b>3. Жиынтық бағалау түрі</b>			
3.1 Тестілеу +	3.1	Курстық	
3.2 Жазбаша	3.2	Эссе	
3.3 Ауызша	3.3	Жоба	
3.4 Тәжірибелік дағдыларды бағалау	3.8	Басқа (көрсету)	
<b>4. Пәннің мақсаты</b>			
Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдардың қалыптасуы негізінде болашақ маман тұлғасының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттілік жүйесін қалыптастыру.			

<b>5. Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)</b>	
ОН1	Әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психологияның негізгі білімін ескере отырып, тұлғааралық, Әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалай алады;
ОН2	Жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді;
ОН3	Игерілген білімді өзгеріп жатқан әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендіру және бейімдеу үшін қолдана алады;
ОН4	Әлеуметтік құбылыстарды, процестер мен проблемаларды сандық және сапалық талдау дағдыларын менгереді;
ОН5	Накты мәселелерді талдау үшін әдіснамалық тандауды негіздейді және қоғамды зерттеудің әртүрлі жолдарын айыра біледі.
ОН6	Ғылымның әлеуметтік-гуманитарлық түрі немесе басқа да ғылымдар саласында қоғамдағы накты жағдай қатынасын бағалайды, болатын қауіп-қатерді ескере отырып оның даму болашағын жобалай алады.
ОН7	Кәсіби әлеуметтегі, сонымен қатар, қоғамдағы шиеленістерді шешуде бағдарламалар

<p><b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p><b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы</p>	<p>39/-11</p>
<p>«Әлеуметтану және саясаттану» пәнінің жұмыс оку бағдарламасы</p>	<p>40-беттің 2- беті</p>

	жасай алады.	
ОН8	Әлеуметтік маңызы бар мәселелер бойынша өз пікірін дұрыс білдіре және дәлелді түрде қорғай біледі.	
5.1	<b>Пәннің ОН</b>	<b>Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері</b>
	ОН 1 ОН 2 ОН 3 ОН 4	<b>ОН1</b> Балалардың неғұрлым кең таралған ауруларын диагностикалау, емдеу, динамикалық бакылау үшін жалпы қабылданған, дамып келе жатқан және үнемі жаңартылып отыратын білімді қоса алғанда, биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-психологиялық ғылымдар саласындағы білімді практикада қолданады
	ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН 8	<b>ОН3</b> Кәсіби міндеттерді орындауға бейімді, медициналық қызмет көрсету сапасын тұрақты жақсарту үшін этикалық қағидаттарды сақтайды

<b>6</b>	<b>Пән туралы толық ақпарат</b>					
6.1	Откізу орны (ғимарат, аудитория): Оңтүстік Қазақстан медициналық академия, «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы. Тоқаев көшесі 27, 3 қабат, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 аудиториялар. filos.ukma @mail.ru Оқыту және/немесе техникалық қолдау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда, "ОҚМА" АҚ сайтындағы CALL-Center, Helpdesk бөлімінде көрсетілген телефондар арқылы және/немесе электрондық пошта арқылы хабарлауға болады.					
6.2	Сағат саны: 120					
	Дәріс	Тәжір. сабак	Зерт.сабак	ОБӨЖ	БӨЖ	
	8	32	-	12	68	

<b>7.</b>	<b>Оқытушылар туралы мәліметтер</b>				
<b>№</b>	T.А.Ж.	Дәрежесі және лауазымы	Электрондық адресі		
1	Ертаев М.А.	соц.ғ.к., профессор м.а.	mukash.yertayev@bk.ru		
2	Жанысбеков М.А.	т.ғ.к., доцент м.а.	mjanisbekov@mail.ru		
3	Абрасилова С.Т.	Саясаттану магистрі, аға оқытушы	sabi_81@mail.ru		
4	Бұрхан Е.Ж.	Әлеуметтану магистрі, аға оқытушы	eltai.94_kz@mail.ru		
5	Курманбаев У.Т.	Тарих ғылымының кандидаты	ukurmanbaev@mail.ru		

<b>8.</b>	<b>Тақырыптық жоспар</b>					
<b>Апт а/ күн</b>	<b>Тақырып атаяуы</b>	<b>Пәннің қысқаша мазмұны</b>	<b>Пән- нің ОН</b>	<b>Са ғат са ны</b>	<b>Оқыту технolog иясының формасы / әдістері</b>	<b>Бағалау әдістері/ формала ры</b>
1	Дәріс. Тақырыбы. Әлеуметтік әлемді түсінудегі әлеуметтану.	Әлеуметтануға кіріспе. Индивид және қоғам. Әлеуметтік орта мен әлеуметтік мінез-құлыш. Әлеуметтік қарым-қатынастар	ОН1	1	Ақпараттық <a href="https://docs.google.com">https://docs.google.com</a>	Кері байланыс

«Элеуметтану және саясаттану» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы

	Элеуметтануға кіріспе. Элеуметтану теориялары. Элеуметтанулық зерттеулер.	мен әлеуметтік институттар. Элеуметтену және бірегейлік. Элеуметтанулық теория. Макро-және микро денгейлер. Элеуметтік тәжірибедегі себеп-салдарлық байланыстар. Элеуметтанулық зерттеу дизайны. Зерттеу мәселесі. Болжамдар. Айнымалылар. Іріктеу. Ақпаратты жинау әдістері. Сапалық және сандық әдістер. Мәліметтерді талдау.		<a href="https://media.skma.edu.kz/video/rrrrrrrrrr">.com/presentation/d/1bwr5mpM1AqHskN6ult4wfhvUh71C83kp/edit#slide=id.p1https://media.skma.edu.kz/video/rrrrrrrrrr</a>		
	<b>Тәжірибелік сабак. Тақырыбы.</b> Элеуметтану: ғылымға кіріспе және басты ұғымдарды тұжырымдау. Элеуметтанулық теориялардың даму кезеңдерін талдау. Элеуметтанулық зерттеуді ұйымдастыру және еткізу.	Элеуметтануға кіріспе. Индивид және қоғам. Элеуметтік шынайылық пен ақыл-ой. Элеуметтік ойлау. Элеуметтік қиял. Элеуметтанулық перспектива. Жеке мектептер мен бағыттардың дамуы (О. Конт, Э.Дюргейм, Г. Спенсер). Құрылымдық функционализм. Қақтығыс теориялары. Символдық интеракционизм. Рөлдік теориялар. Зерттеу мәселесі. Болжамдар. Айнымалылар. Іріктеу. Ақпаратты жинау әдістері. Сапалық және сандық әдістер. Мәліметтерді талдау.	ОН1 ОН5	3	Пікірталас	Ауызша сұрай
	ОБӘЖ/ БӘЖ БӘЖ тапсырмасы 1. Негізгі әлеуметтанулық бағыт түрғысынан қоғамдағы кез келген құбылыс (спорт, кино, отбасы және т.б.) туралы. 2. Қазіргі қоғамды түсінудегі әлеуметтанудың рөлі. 3. О.Конт, Г.Спенсер, Э.Дюргейм және басқа классикалық кезеңдегі әлеуметтанушылар-	1. Басты үш әлеуметтанулық бағыт түрғысынан (құрылымдық, функционализм, қақтығыс теориясы, символдық интеракционизм) қоғамдағы кезкелген құбылыс (спорт, кино, отбасы және т.б.) туралы эссе жазыңыз. 2. Қазіргі қоғамды түсінудегі әлеуметтанудың рөлі туралы эссе дайындаңыз. «Әлеуметтанулық қиял» түсінігіне анықтама беріңіз. Қазіргі адамға неліктен «әлеуметтанулық қиялды» менгеру мен әлеуметтанулық перспективаны көре алу маңызды екендігін түсіндіріңіз.	ОН2	1/5	Эссе, реферат, баяндама	БӘЖ-ге арналған текстеру парагы

	<p>дың әлеуметтік тұжырымдамалары.</p> <p>4. Атақты әлеуметтанушы-теоретиктің (К.Маркс, Э.Дюргейм, М.Вебер, Г.Зиммель) негізгі әлеуметтанулық ойлары.</p> <p>5. Әлеуметтанулық зерттеудің сапалық және сандық әдістері.</p> <p>6. Әлеуметтанулық зерттеудің негізгі кезеңдері.</p>	<p>3. Жеке социологиялық мектептердің негізгі идеяларын, бағыттарын, теориялық тәсілдерін салыстырыңыз, негізгі өкілдерін және олардың негізгі жұмыстарын көрсетіңіз.</p> <p>4. Атақты әлеуметтанушы – теоретиктің (К.Маркс, Э.Дюргейм, М.Вебер, Г.Зиммель) ойы туралы баяндама жазыңыз. Негізгі жұмыстарын айқынданыз және әлеуметтанулық теорияларының тұжырымдарын жазыңыз.</p> <p>5. Әлеуметтанулық зерттеудің сандық және сапалық әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырыңыз.</p> <p>6. Әлеуметтанулық зерттеудің негізгі кезеңдерін сипаттап беріңіз. Әлеуметтанулық әдістердің (сұрау, бақылау, эксперимент, контент-талдау, статистикалық мәліметтерді талдау) ерекшеліктерін талданыз.</p>				
2	<p><b>Дәріс. Тақырыбы.</b> Әлеуметтік құрылым және қоғамның стратификациясы. Әлеуметтену және бірегейлік. Отбасы және қазіргі заман. Девиация, қылмыскерлік және әлеуметтік бақылау.</p>	<p>Қоғам, тенденк және теңсіздік. Ашық және жабық қоғам. Стратификация әр түрлі топтар арасындағы құрылымданған теңсіздік ретінде. Стратификация және дифференциация жүйелері. Әлеуметтік стратификация теорияларына қысқаша шолу (К. Маркс, М. Вебер). Әлеуметтік стратификация формалары (П. Сорокин). Әлеуметтік мобильділік. Көлденен және тік мобильділік. Индивид пен қоғам арасындағы қарым-қатынас. Әлеуметтену және бірегейлік теориялары (Т.Парсонс, Г.Х.Мид). Әлеуметтену кезеңдері. Бірінші реттік әлеуметтену. Екінші реттік әлеуметтену. Әлеуметтенудің ересектік шақтағы кезеңі. Гендерлік әлеуметтену. Гендерлік тәртіп. Бірігейлік және</p>	<p>ОН6 ОН8</p>	<p>1</p>	<p>Мәселеңік  <a href="https://docs.google.com/presentation/d/1KIBkVM5HboIPT6_j7Q_YqR-zNxEt7wyF/edit">https://docs.google.com/presentation/d/1KIBkVM5HboIPT6_j7Q_YqR-zNxEt7wyF/edit</a></p>	<p>Кері байланыс</p>



	<p>тұлға. Әлеуметтік және жеке бірегейлік. Рөлдер және мәртебелер. Отбасы кроссмәдени және тарихи перспективада. Отбасы типологиясы. Неке мен туысқандық. Отбасының әлеуметтік қызметтері. Отбасының әлеуметтанулық перспективалары. Отбасындағы қарым-қатынастардың өзгеруі. Неке мен отбасының альтернативті формалары Отбасы мен отбасылық қарым-қатынастарды салыстырмалы зерттеу.</p> <p><b>Тәжірибелік сабак.</b> <b> Тақырыбы.</b> Қазіргі қоғамдағы тенденциялар мен тенденцидікті бағалау. Отбасы: типологиясы, қызметтері, тұжырымдар. Девианттылық және қылмыскерліктің әлеуметтанулық құрылымдары.</p>	<p>Стратификация әр түрлі топтар арасындағы құрылымданған тенденциялар мен тенденцидік ретіндегі социальның дифференциация жүйелері. Әлеуметтік стратификация теорияларына қысқаша шолу (К. Маркс, М. Вебер). Әлеуметтік стратификация формалары (П. Сорокин). Әлеуметтік мобильділік. Көлденен және тік мобильділік. Индивид мен қоғам арасындағы қарым-қатынас. Өмір бойы жалғасатын әлеуметтену: институттар мен үрдістер. Әлеуметтену және бірегейлік теориялары (Т. Парсонс, Г.Х.Мид). Гендерлік әлеуметтену. Гендерлік тәртіп. Бірігейлік және тұлға. Өмір бойы жалғасатын әлеуметтену: институттар мен үрдістер. Әлеуметтік және жеке бірегейлік. Рөлдер және мәртебелер. Отбасы типологиясы. Неке мен туысқандық. Отбасының әлеуметтік қызметтері. Отбасының әлеуметтанулық перспективалары. Отбасындағы қарым-қатынастардың өзгеруі. Неке мен отбасының альтернативті формалары Отбасы мен отбасылық қарым-</p>	ОН7	3	Шағын топпен жұмыс	Тесттілеу, ауызша сұрау, жазбаша тапсырмалар орындау чек пағы арқылы бағалау

		қатынастарды салыстырмалы зерттеу.				
	ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1. Стартификацияның әлеуметтанулық теориялары. 2. Халықаралық деңгейдегі теңсіздік көрсеткіштері. 3. Қала мен ауылдағы отбасының әлеуметтік мәртебесінің баланың әлеуметтену үрдісіне әсері. 4. Жеке адамдар «әлеуметтік тіршілік иелері» ретінде. 5. Отбасындағы гендерлік рөлдер. 6. Отбасы қоғамның кішігірім жүйесі. 7. Суицидтің негізгі түрлері. 8. Э.Дюргеймнің девиация туралы әлеуметтанулық теориялары.	1. Стартификацияны зерттеудің әр түрлі бағыттарын салыстырыңыз, олардың ерекшеліктерін анықтаңыз. 2. «Халықаралық деңгейдегі теңсіздік көрсеткіштері» тақырыбы бойынша топтық жоба (3-4 адаммен бірге отырып, топтарға бөлініз) дайындаңыз, мысал келтіріңіз. 3. «Қала мен ауылдағы отбасының әлеуметтік мәртебесінің баланың әлеуметтену үрдісіне әсері» тақырыбында презентация дайындаңыз. 4. «Жеке адамдар «әлеуметтік тіршілік иелері» ретінде» тақырыбында эссе жазыңыз. 5. Отбасындағы гендерлік рөлдерді (іскерлік ойын әдісін қолдана отырып) талқыланыз. 6. «Отбасы қоғамның кішігірім жүйесі ретінде» тақырыбында презентация дайындау үшін модельді құру (дайындау алгоритмі: отбасыны қоғамның кішігірім жүйесі ретінде қарастырыңыз; негізгі құрылымдық элементтері мен қызметтерін сипаттанаңыз; 7. Дж.Ритцердің еңбектерін қолдана отырып, суицидтің негізгі түрлерін айтып беріңіз және талдаңыз. 8. Сараптамалық шолу. Э.Дюргеймнің «девиация әрбір	ОН4	1/6	Топтық жоба, презентация, эссе	БӨЖ-ге арналған тексеру парагы

3	<b>Дәріс. Тақырыбы.</b> Дін, мәдениет және қоғам. Этнос және ұлт әлеуметтануы. Білім және әлеуметтік тәңсіздік.	қоғамның қалыпты құрамдас бөлігі» деген тұжырымына қатысты өз пікірінді білдірініз	ОН8	1	<a href="https://docs.google.com/presentation/d/1mmfDkfEWXshxmqjZi-157LI4jI546Ep/edit#slide=id.p1">Шолу</a> <a href="https://docs.google.com/presentation/d/1mmfDkfEWXshxmqjZi-157LI4jI546Ep/edit#slide=id.p1">https://docs.google.com/presentation/d/1mmfDkfEWXshxmqjZi-157LI4jI546Ep/edit#slide=id.p1</a>	Кері байланыс
	<b>Тәжірибелік сабак.</b> <b>Тақырыбы.</b> Дін феномені: мәдени және әлеуметтанулық перспектива.	Дін: негізгі түсініктер. Дінді әлеуметтанулық талдау. Әлеуметтік бірлік. Дін және әлеуметтік теңсіздік. Мәдениет элементтері. Мәдениет және өркениет: ұғымдардың мазмұны мен ара-қатынасы. Мәдениет әлеуметтануы. Мәдени көптүрлілік. Құндылықтар, дәстүрлер мен ғұрыптар. Қоғамдық сананың жаһандануы, ұлттық код, менталдылық пен дүниестаным: сәйкестік параметрлері. Ұлттық бірегейлік пен мәдениет. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар. Этникалық жүйелер. Этнос, халық, ұлт. Этникалық бірегейлік. Ұлттық бірегейлік. Ұлт-мемлекет. Этникалық топтар мен олардың өзара тіршілік етуі. Этникалық мұдделер мен этникааралық қарым-қатынас. Этникааралық және конфессияаралық көлісім. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Қоғамды этноәлеуметтанулық зерттеу. Жаһандық перспективадағы білім беру. Білім беру әлеуметтік институт ретінде. Ресми білім берудің қызметтері. Білім беру: әлеуметтік тап, жыныс, этникалық айырмашылықтар. Білім берудің қолжетімділігі, мәдени капитал және тәңсіздік. Білім берудің әлеуметтанулық перспективалары. Білім беру мен білімді дәріптеу.	ОН6	3	Пікірталас	Тесттілеу, ауызша және жазбаша сұрау

<p>Қоғамдағы этникалық топтар: әлеуметтанулық зерттеулер. Әлеуметтанулық дискурстағы білім беру.</p>	<p>өркениет: ұғымдардың мазмұны мен ара-қатынасы. Мәдениет әлеуметтануы. Мәдени көптүрлілік. Құндылықтар, дәстүрлер мен ғұрыптар. Қоғамдық сананың жаһандануы, ұлттық код, менталдылық пен дүниетаным: сәйкестік параметрлері. Ұлттық бірегейлік пен мәдениет. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар. Этникалық жүйелер. Этнос, халық, ұлт. Этникалық бірегейлік. Ұлттық бірегейлік. Ұлт-мемлекет. Этникалық топтар мен олардың өзара тіршілік етуі. Этникалық мұдделер мен этникааралық қарым-қатынас. Этникааралық және конфессияаралық көлісім. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Қоғамды этноәлеуметтанулық зерттеу. Жаһандық перспективадағы білім беру. Білім беру әлеуметтік институт ретінде. Ресми білім берудің қызыметтері. Білім беру: әлеуметтік тап, жыныс, этникалық айырмашылықтар. Білім берудің қолжетімділігі, мәдени капитал және теңсіздік. Білім берудің әлеуметтанулық перспективалары. Білім беру мен білімді дәріптеу.</p>				
<p>ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Мәдениет элементтері.</li> <li>Әлеуметтік институт ретінде діннің қызыметтері.</li> <li>Этникалық топтар арасындағы өзара байланыс.</li> <li>Қазіргі қазақстандық жастардың</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>Мәдениет элементтерін атақыз және сипаттаңыз – тіл, құндылықтар, нормалар, дәстүрлер және т.б.</li> <li>Әлеуметтік институт ретінде діннің қызыметтерінанықтаңыз. Қоғам мен дін арасында қандай қарама-қайшылықтар туындайтынын айқындаңыз.</li> <li>«Этнос», «халық», «ұлт», «этникалық топ» ұғымдарын салыстырыңыз. Этникалық топтар арасындағы өзара</li> </ol>	ОН2	1/6	Презентация, эссе, шығармашылық жұмыс	БӨЖ-ге арналған тексеру парагы

	<p>құндылықтарын әлеуметтанулық талдау.</p> <p>5. Қазақстанда тегін білім беру қолжетімділігінің мәселелері.</p>	<p>байланысты сипаттаңыз.</p> <p>4. «Қазіргі қазақстандық жастардың құндылықтарын әлеуметтанулық талдау» тақырыбында эссе-талқылау жазыңыз.</p> <p>5. Қазақстанда тегін білім беру қолжетімділігінің артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындау мақсатында салыстырмалы кестені құрыңыз. Топтық шығармашылық жұмыс (4 адамнан көп емес).</p>				
4	<p><b>Дәріс. Тақырыбы.</b> Масс-медиа, технологиялар және қоғам. Экономика, жаһандану және еңбек.</p>	<p>Әлеуметтік жүйедегі бұқаралық ақпарат пен бұқаралық коммуникациялар. Масс-медиа қызметтері. Бұқаралық сана мен цифровизация. Бұқаралық коммуникациялар және әлеуметтік өзара әрекет. Қазіргі заманғы технологиялар. Технологиялық тенсіздік. Масс-медиа түрлері. Медиалық жаһандану. Масс-медиа мен технологияларды зерттеудің теориялық бағыттары. Әлеуметтік қадағалау мен бақылау. Киберланқестік. Жеке мәліметтерді қорғау. Масс-медианың жаңа стандарттардың, мотивацияның, стереотиптердің, мінез-құлышың моделінің, өмір салтының қалыптасуына әсері. Тарихи перспективадағы экономикалық даму. Еңбек нарығы мен жұмысбастылық құрылымы. Экономиканың негізгі секторлары. Жаһандық қоғамда еңбек рөлінің өзгеруі. Еңбектің жаһандық бөлінісі. Қазақстан жаһандық әлеуметтік-экономикалық жүйеде. Прагматизм мен жоспарлау.</p>	ОН7	1	<p>Ақпараттық</p> <p><a href="https://docs.google.com/presentation/d/1sO7Iuq9chpTL-PjaM77ySD2ChbfS5IVQ/edit#slide=id.p1">https://docs.google.com/presentation/d/1sO7Iuq9chpTL-PjaM77ySD2ChbfS5IVQ/edit#slide=id.p1</a></p>	Кері байланыс
	<p><b>Тәжірибелік сабак.</b> <b>Тақырыбы.</b> Цифрлық технологиялар мен</p>	<p>Әлеуметтік жүйедегі бұқаралық ақпарат пен бұқаралық коммуникациялар. Масс-медиа қызметтері. Бұқаралық сана мен</p>	ОН8	3	<p>Шағын топпен жұмыс</p>	<p>Тесттілеу, ауызша және жазбаша сұрау</p>

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/-11
«Әлеуметтану және саясаттану» пәнінің жұмыс оку бағдарламасы	40-беттің 10-беті

<p>әлеуметтік өзара әрекет. Жаһандық экономика және еңбек бөлінісі: әлеуметтанулық талдау. Жасанды интелект: он мүмкіндіктер және ықтимал тәуекелдер.</p>	<p>цифровизация. Бұқаралық коммуникациялар және әлеуметтік өзара әрекет. Қазіргі заманғы технологиялар. Технологиялық теңсіздік. Масс-медиа түрлері. Медиалық жаһандану. Масс-медиа мен технологияларды зерттеудің теориялық бағыттары. Әлеуметтік қадағалау мен бақылау. Киберланқестік. Жеке мәліметтерді қорғау. Масс-медианың жаңа стандарттардың, мотивацияның, стереотиптердің, мінез-құлық моделінің, өмір салтының қалыптасуына әсері. Тарихи перспективадағы экономикалық даму. Еңбек нарығы мен жұмысбастылық құрылымы. Экономиканың негізгі секторлары. Жаһандық қоғамда еңбек рөлінің өзгеруі. Еңбектің жаһандық бөлінісі. Қазақстан жаһандық әлеуметтік-экономикалық жүйеде. Рационалдылық мәдениеті. Прагматизм мен жоспарлау. Жасанды интелект технологиялары.</p>				
<p><b>ОБӨЖ/ БӨЖ</b>  <b>БӨЖ тапсырмасы</b></p> <p>1. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың адамның күнделікті өміріне әсері.</p> <p>2. Топтағы коммуникацияның негізгі түрлері.</p> <p>3. Қазіргі заманғы экономикалық жүйелердің ерекшеліктері.</p> <p>4. Қазіргі Қазақстан қоғамының дамуындағы прагматизмнің рөлі.</p>	<p>1. Бұқаралық ақпарат пен бұқаралық коммуникация, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар адамның күнделікті өміріне қалай әсер ететіні туралы эссе жазыңыз.</p> <p>2. Топтағы коммуникацияның негізгі түрлерін ашып көрсететін презентация дайындаңыз.</p> <p>3. Қазіргі заманғы экономикалық жүйелердің – капитализм, социализм, аралас экономика, саяси экономиканың ерекшеліктерін талдап беріңіз.</p> <p>4. «Қазіргі Қазақстан қоғамының дамуындағы прагматизмнің рөлі» тақырыбында эссе дайындаңыз.</p> <p>5. Жасанды интелекттің</p>	<p>ОН2</p>	<p>1/6</p>	<p>Презентация, эссе</p>	<p>БӨЖ-ге арналған тексеру парагы</p>

	5. Жасанды интелекттің дамуының қоғамға әсері.	дамуының қоғамға әсерін SWOT талдау жасаңыз.				
5	<b>Дәріс. Тақырыбы.</b> Халық, урбанизация және қоғамдық қозғалыстар.	Жаңғыру және урбанизация. Әлеуметтік өзгерістердің бастаулары. Халық туралы заманауи зерттеулер. Миграция. Жаһандық урбанизация. Ауылдық жердегі өмір. Қоғамдық қозғалыстардың бастаулары мен түрлери. Қоғамдық қозғалыстарға әсер ететін микро және макро факторлар. Қоғамдық қозғалыстың өмірлік циклы.	ОН3	1	<a href="https://docs.google.com/presentation/d/1cdnAko3bS1rcQrJlAAjR0KZNo4WIAgEd/edit#slide=id.p1">Дәріс-сұхбат</a>	Кері байланыс
	<b>Тәжірибелік сабак.</b> <b>Тақырыбы.</b> Қоғамдық қозғалыстар, наразылық және адамдардың ойлауы: қазіргі күйі.	Жаңғыру және урбанизация. Әлеуметтік өзгерістердің бастаулары. Халық туралы заманауи зерттеулер. Миграция. Жаһандық урбанизация. Ауылдық жердегі өмір. Қоғамдық қозғалыстардың бастаулары мен түрлери. Қоғамдық қозғалыстарға әсер ететін микро-және макро-факторлар. Қоғамдық қозғалыстың өмірлік циклы.	ОН6	3	Тақырыптық пікірталас	Ауызша сұрай
	ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1. Кафедраның ғылыми-зерттеу бағытындағы тақырып негізінде «Қоғамдағы урбанизация үрдісі мен миграцияның өзара байланысы». 2. Бір мемлекет мысалында демографиялық дамудың ерекшеліктерін ашыңыз. Орын алған демографиялық өзгерістер мен олардың қоғамға әсерін талқылаңыз.	1. Қоғамдағы урбанизация үрдісі мен миграцияның өзара байланысын айқындаңыз. Мысалдар келтіре отырып, Қазақстанның ерекшелігін көрсетіңіз. 2. Бір мемлекет мысалында демографиялық дамудың ерекшеліктерін ашыңыз. Орын алған демографиялық өзгерістер мен олардың қоғамға әсерін талқылаңыз.	ОН6	2/5	Презентация	БӨЖ-ге арналған тексеру парагы
6	<b>Дәріс. Тақырыбы.</b> Саясаттану ғылым және оқу пәні ретінде. Саяси билік: мәні мен	Қазіргі білімдер жүйесіндегі саяси ғылымның алғын орны, саясаттанудың қалыптасуы мен дамуы, оның негізгі	ОН6	1	<a href="https://docs.google">Ақпараттық</a>	Кері байланыс

	<p>жүзеге асыру механизмдері. Саяси элиталар және саяси көшбасшылық.</p>	<p>категориялары, саясаттанудың пәні мен объектісі. Саясаттанудың негізгі парадигмалары мен мектептері. Адамзат өркениетіндегі саяси идеялардың генезисі. Саяси ойдың қалыптасуы мен даму тарихының дәүірлік кезендері. Саясат түсінігі және функциялары. Саясатты анықтаудағы негізгі әдістер. Саясат мемлекетті басқару өнері ретінде. Саясат жария үдеріс ретінде. Саясат компромисс және консенсус ретінде. Саясат функциялары мен оның жіктелуі. Саясат құрылымы. Саясатты үйімдастыру деңгейлері. Саясаттағы мақсаттар мен құралдар. Саяси биліктің мәні, оны анықтаудағы түрлі әдістер (бихевиористік, телеологиялық, жүйелік, релятивистік). Биліктің функциялары. Саяси биліктің объектісі мен субъектісі, қайнар көздері, қорлары. Биліктің деңгейлері. Билікті жүзеге асырудың түрлері мен әдістері. Саяси және мемлекеттік билік. Билікті табыстау және биліктің бөлінуі. Саяси биліктің легитимділігі және оның көздері. Егеменді Қазақстандағы мемлекеттік билік. Негізгі институттар мен билік тиімділігінің критерийлері. Элиталардың негізгі теориялары: Г.Моска мен В.Паретоның элитаның классикалық теориялары, демократиялық элитизм (М.Вебер) мен элита плурализмі (Г.Лейпхарт, Р.Даль) концепциялары. Саяси жүйе түсінігі Саяси жүйенің құрылымы мен элементтері. Институционалдық,</p>		<p><a href="http://com/presentation/d/1vOr6kmMsj4oZwh9Vc-l-24OBIAfqUKxa/edit?usp=drive_web&amp;ouid=106659929443614445216&amp;rtpof=true">com/presentation/d/1vOr6kmMsj4oZwh9Vc-l-24OBIAfqUKxa/edit?usp=drive_web&amp;ouid=106659929443614445216&amp;rtpof=true</a></p>
--	--	---	--	---

		идеологиялық, коммуникативтік, нормативтік және мәдени жүйешіктер арқылы саяси жүйенің құрылымына талдау (Т. Парсонс, Д. Истон, Г. Алмонд және т.б.). Саяси жүйелердің типологиясы.				
	<b>Тәжірибелік сабак.</b> <b>Тақырыбы.</b> Маманды кәсіби дайындау жүйесіндегі саясаттану. Қазақстандағы саяси ойдың даму тарихы. Қазақстан Республикасындағы саяси билік институттары. Басқарушы элита мен саяси көшбасшылық биліктің әлеуметтік субъектілері ретінде. Саяси жүйенің қызмет ету механизмі	Саяси шынайылықты зерттеу әдістері. Саяси ғылымның ғылыми-танымдық, әдіснамалық және қолданбалы функциялары. Саясаттанудың pragmatikaлық мәні. Маманды кәсіби дайындау жүйесіндегі саясаттану. Адамзат өркениеттіндегі саяси идеялардың генезисі. Саяси ойдың қалыптасуы мен даму тарихының дәуірлік кезеңдері. Ежелгі дәуір ілімдеріндегі саясаттанудың элементтері (Конфуций, Платон, Аристотель). Орта ғасырдағы саяси идеялар (Августин, Аквинский, Әл-Фараби). Кайта өрлеу және Ағарту дәуіріндегі саяси идеялардың дамуы. Саясаттың мәні туралы Макиавеллидің көзқарасы. Ж.Боденнің мемлекеттік билік егемендігі теориясы. Утопиялық социализм идеяларындағы мінсіз қоғамдық құрылымыс. (Т.Мор, Т.Кампанелла). Табиғи құқық пен қоғамдық қелісім теориялары. Ағарту дәуірінің негізгі саяси доктриналары ретінде. Ж.-Ж.Руссоның радикалды демократизмі. И.Кант пен Г.Гегельдің концепцияларындағы мемлекет пен азаматтық қоғам концепциялары. Қазақ ағартушыларының саяси көзқарастары. Консерватизм, либерализм, марксизм концепцияларының қалыптасуы. Қазіргі саяси ғылымның негізгі бағыттары.	ОН6 ОН7	3	Шағын топпен жұмыс	Тесттілеу, ауызша сұрау және жазбаша тапсырмалар орындау

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

39/-11

«Әлеуметтану және саясаттану» пәнінің жұмыс оку бағдарламасы

40-беттің 14-  
беті

		<p>Саясаттың қоғамның басқа да салаларымен өзара әрекеттестігі. Саясаттың әлеуметтік негіздері, саясаттың субъектілері мен объектілері. Саясаттағы объективтілік пен субъективтілік, оның қоғам дамуындағы рөлі. Саясаттың гумандық сипаты. Саяси қызметтің негізгі түрлері мен бағыттары. Қазақстан Республикасының қоғам модернизациясы кезеңіндегі саясаты. Саяси биліктің легитимділігі және оның көздері. Егеменді Қазақстандағы мемлекеттік билік. Негізгі институттар мен билік тиімділігінің критерийлері. Саяси элита түсінігі. Қоғамға әсер ету көздері бойынша саяси элиталардың жіктелуі: (мұрагерлік, құндылықтық, биліктік, функционалдық), қалыптасу тәртібі бойынша (ашық және жабық). Қазақстан Республикасындағы саяси элиталардың қалыптасу ерекшеліктері. Саяси көшбасшылық түсінігі мен табиғаты, оның әлеуметтік функциялары. Саяси көшбасшылықтың қазіргі теориялары. Саяси көшбасшылықтың жіктелуі. Саяси көшбасшылықтың сипатын айқындастыры факторлар. Саяси көшбасшылықтың дамуындағы жаңа үрдістер. Саяси жүйе түсінігі Саяси жүйенің құрылымы мен элементтері. Институционалдық, идеологиялық, коммуникативтік, нормативтік және мәдени жүйешіктер арқылы саяси жүйенің құрылымына талдау (Т.</p>			
--	--	--	--	--	--

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/-11
«Әлеуметтану және саясаттану» пәнінің жұмыс оку бағдарламасы	40-беттің 15-беті

		Парсонс,Д. Истон, Г. Алмонд және т.б.).. Саяси жүйенің тиімділігі. Саяси тұрақтылық пен саяси тәртіп, саяси тұрақтылықтың түрлері. Саяси тәуекелдіктің факторлары. Қазақстан Республикасының саяси жүйесі.				
	<b>ОБӨЖ/БӨЖ Аралық бақылау №1</b>	Откен тақырыптар бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды менгеруін бақылау. Дәріс (1-5), тәжірибелік сабактардың (1-5), БӨЖ (1-5) тақырыптары	ОН1-8	1/6	Тестілеу, ауызша, жазбаша жұмыс.	Тексеру парагы
7	<b>Дәріс. Тақырыбы.</b> Мемлекет және азаматтық қоғам. Саяси режимдер. Сайлау жүйелері. Саяси партиялар.	Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің негізгі институты ретінде. Мемлекеттің пайда болу теориялары мен концепциялары. Мемлекеттің белгілері мен құрылымы. Мемлекеттік құрылымың және басқару формалары. Мемлекеттің функциялары, олардың қазіргі заман жағдайындағы трансформациясы Мемлекет – Қазақстан Республикасы. Қазіргі заманғы Қазақстандағы демократиялық мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы. Саяси режим түсінігі мен түрлері. Тоталитаризм тарихи және саяси феномен ретінде және оның ерекшеліктері. Авторитарлық саяси режим және оның формалары. Демократияның негізгі теориялары мен модельдері. Демократияның қазіргі формалары. Сайлау жүйелерінің мәні мен сайлау жүйелерінің негізгі түрлері. Сайлау жүйелерінің қазіргі концепциялары.	ОН8	1	Шолу <a href="https://docs.google.com/presentation/d/1MGjUTp9gptCusUxZE6aY7SIkteC18rf/edit#slide=id.p1">https://docs.google.com/presentation/d/1MGjUTp9gptCusUxZE6aY7SIkteC18rf/edit#slide=id.p1</a>	Кепі байланыс
	<b>Тәжірибелік сабак. Тақырыбы.</b> Құқықтық мемлекет пен азаматтық	Құқықтық және әлеуметтік мемлекет: мәні мен принциптері. Егеменді мемлекет Қазақстан Республикасының	ОН3	3	Тақырыптық пікірталас	Чек парагы арқылы бағалау/ пікірталас

<p>қоғамның қалыптасуы. Қазіргі әлемдегі саяси режимдер және олардың мемлекеттің саяси жүйесімен байланысы. Қазіргі сайлау жүйелері және олардың ерекшеліктері.</p>	<p>Конституциясы. Әлеуметтік мемлекеттің қалыптасу шарттары. Азаматтық қоғам: мәні, құрылымы, функциялары. Азаматтық қоғамның негізгі концепциялары. Азаматтық қоғам қызметінің бағыттары. Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамның даму келешегі. Қазіргі уақыттағы саяси режимдер: батыстағы поликархиялар, жаңа демократиялар, шығыстық-азиялық режимдер, исламдық режим, әскери режимдер. Қазақстандағы саяси режим, оның дамуы. Қазақстан Республикасы саяси жүйесінің демократиялану үдерісі. Сайлау демократияның міндетті шарты ретінде. Сайлау жүйелерінің мәні мен сайлау жүйелерінің негізгі түрлері. Сайлау жүйелерінің қазіргі концепциялары. Мажоритарлы сайлау жүйесі, оның түрлері мен модификаифсы. Пропорционалды сайлау жүйесі, оның түрі елдердегі ерекшеліктері. Арасынан сайлау жүйелері. Қоғамдық сайлау. Сайлау шаралары мен сайлау кампаниялары. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы заңнама. Қазіргі Қазақстанның сайлау жүйесі, оны жетілдірудің жолдары мен бағыттары. ҚР электоралдық үдерісті ерекшеліктері.</p>	<p>1. Саяси ойлар тарихындағы басқарудың «дұрыс» және «бұрыс» формалары бойынша презентация дайындау. 2. «Саясаттың негізгі түсініктемелеріне салыстырмалы талдау» тақырыбында презентация дайындау.</p>	<p>ОН7 ОН8</p>	<p>1/6</p>	<p>Презентация, эссе, жағдаяттық тапсырма</p>	<p>БӨЖ-ге арналған тексеру парагы</p>
<p>ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы</p> <p>1. Саяси ойлар тарихындағы басқарудың «дұрыс» және «бұрыс» формалары.</p> <p>2. Саясаттың негізгі</p>	<p>1. Саяси ойлар тарихындағы басқарудың «дұрыс» және «бұрыс» формалары бойынша презентация дайындау.</p> <p>2. «Саясаттың негізгі түсініктемелеріне салыстырмалы талдау» тақырыбында презентация дайындау.</p>	<p>ОН7 ОН8</p>	<p>1/6</p>	<p>Презентация, эссе, жағдаяттық тапсырма</p>	<p>БӨЖ-ге арналған тексеру парагы</p>	

8	<p><b>Дәріс. Тақырыбы.</b>            Саяси даму және модернизация.            Саяси шиеленістер мен дағдарыстар.            Әлемдік саясат және қазіргі халықаралық катастинастар.</p>	<p>3. «Биліктің негізгі түсініктемелеріне салыстырмалы талдау» тақырыбына дәлелді эссе жазу.            4. Кейс-стади – саяси көшбасшылықтың жіктелуі.            Саяси көшбасшылықтың типін айқындау және өз таңдауын дәлелдеу.            5. ҚР стратегиялық құжаттарын зерттеу негізінде «Қазақстанның саяси жүйесінің даму келешегі» тақырыбына презентация дайындау.</p>	<p>ОН6 ОН7</p>	<p>1</p> <p>Дәріс-сұхбат  <a href="https://docs.google.com/presentation/d/1375yELQI3Ce_dhrhZKaw5inbQJm6-fHX/edit?usp=drive_web&amp;oid=10665992944361444521&amp;rtpof=true">https://docs.google.com/presentation/d/1375yELQI3Ce_dhrhZKaw5inbQJm6-fHX/edit?usp=drive_web&amp;oid=10665992944361444521&amp;rtpof=true</a></p>	<p>Кепі байланыс</p>

		Казіргі жағдайдағы саяси дағдарыстан шығу тәсілдері. Этносаяси шиеленістер. Этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі. Әлемдік саясат және әлемдік саяси үдеріс. Халықаралық қатынастар түсінігі және негізгі субъектілері. Халықаралық қатынастар теориясындағы теориялық әдістер мен негізгі дәстүрлі мектептер. Қазіргі халықаралық жүйелерінің типологиясы мен олардың қызмет етуінің үрдістері. Әлемдік саяси үдерістердің жаһандануы мен қазіргі жаһандық қауіп қатерлер. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан. Қазақстан сыртқы саясатының басымдық бағыттары – ұлттық мұдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті күшету.				
	<b>Тәжірибелік сабак.</b> <b>Тақырыбы.</b> Саяси партиялар, партиялық жүйелер және қоғамдық-саяси қозғалыстар. Саяси мәдениет, саяси мінез-құлыш. Саяси сана мен саяси идеология. Саяси мәдениет, саяси мінез-құлыш және саяси қатысу. Сана мен ойлаудың жана үлгісін өзірлеу: олардың Қазақстан Республикасында жүзеге асуының негізгі стратегиялары мен бағыттары.	Саяси партиялар: түсінігі, мәні, белгілері мен қызметтері. Саяси партиялардың типологиясы. Биліктік қатынастар жүйесіндегі саяси партиялар. Партиялық жүйелер, олардың класификациясы. Партиялық жүйенің қазақстандық үлгісі. Саяси мәдениеттің түсінігі, мәні, құрылымдық компоненттері мен қызметтері. Саяси мәдениет құрылымындағы саяси дәстүр, саяси миф, саяси стереотип, саяси символика. Саяси мәдениеттің деңгейлері: дүниестанымдық, азаматтық, саяси. Қоғамның саяси мәдениеті мен саяси субмәдениеттердің арақатынасы. Саяси сана: түсінігі, функциялары, формалары мен деңгейлері. Қоғам мен саясаттағы идеологияның пайда болуы, алатын орны мен рөлі. Саяси	ОН6 ОН7	3	Тақырыптық пікірталас	Чек парағы арқылы бағалау/ пікірталас

		идеологияны анықтаудағы түрлі әдістер. Саяси идеологияның мәні мен белгіленуі. Қазіргі негізгі саяси идеологиялар: либерализм, консерватизм, марксистік дәстүр мен халықаралық социал-демократия. Саяси мәдениет типологиясының критерийлері. Саяси мәдениеттің негізгі үлгілері. Саяси мәдениеттердің батыстық және шығыстық типтерінің ерекшеліктері. Қазақстан Республикасындағы саяси мәдениет – қазіргі жағдайы мен даму үрдістері. Саяси әлеуметтену: мәні, кезеңдері, үлгілері мен факторлары. Саяси мінезд-құлық пен саяси қатысу – түсінігі, негізгі теориялары, жіктелуі. Қазақстан Республикасындағы сана мен ойлаудың жаңа үлгісінің стратегиясы, қоғамдық сана модернизациясы. Үлттық Мен және ұлттық бірегейліктің ішкі өзегін сақтау. Қазіргі заманғы модернизация үлгілерінің қатерлері. Үлттық рухты сақтау және Қазақстан Республикасының болашақ дамуының үлттық үлгісін құру.				
	ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1. Қазақстан Республикасында құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуы. 2. Саяси режимдердің жіктелуі. 3. Қазақстан Республикасындағы жастардың электоралдық белсенділігін арттыру жолдары	1. «Қазақстан Республикасында құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуы» тақырыбында дәлелді эссе жазу. 2. Саяси режимдердің жіктелуі. Кейс-стади. Саяси режим типін анықтау және өз таңдауын дәлелдеу. 3. «Қазақстан Республикасындағы жастардың электоралдық белсенділігін арттыру жолдары» тақырыбында жоба дайындау.	ОН8	1/6	Жоба-презентация, жағдаяттық тапсырма	БӨЖ-ге арналған тексеру парагы

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы</p>	<p>39/-11</p>
<p>«Әлеуметтану және саясаттану» пәнінің жұмыс оку бағдарламасы</p>	<p>40-беттің 20- беті</p>

9	<p><b>Тәжірибелік сабак.</b> <b>Тақырыбы.</b> Қазақстан Республикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін стратегиялары мен модернизация бағдарламалары. Саяси шиеленістер мен дағдарыстарды шешудің мәні, түрлері мен жолдары.</p>	<p>«Қазақстан-2050 Стратегиясы» Қазақстан Республикасының саяси бағыты ретінде. Күшті мемлекет және Қазақстанның әлемнің ең дамыған отызы мемлекеті қатарына енуі. Шиеленіс әлеуметтік құбылыс ретінде. Саяси шиеленістер, олардың мәні, конструктивті және деструктивті қызметтері. Саяси шиеленістер мен дағдарыстардың типологиясы. Саяси шиенелістердің динамикасы. Саяси шиеленістерді шешу түрлері мен жолдары. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси шиеленістердің алдын алу технологиялары. Қазіргі жағдайдағы саяси дағдарыстан шығу тәсілдері. Этносаяси шиеленістер. Этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі</p>	ОН6	4	Шағын топпен жұмыс	Тесттілеу, ауызша сұрау, жазбаша тапсырмалар орындау чек парагы арқылы бағалау
	<p><b>ОБӨЖ/ БӨЖ</b> БӨЖ тапсырмасы 1. Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар бағдарламаларының күшті және әлсіз жақтарына талдау. 2. Саяси мәдениеттің үлгілері. 3. Рухани жаңғыру Қазақстан Республикасындағы сана мен ойлаудың жаңа моделінің стратегиясы.</p>	<p>1. Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар бағдарламаларының күшті және әлсіз жақтарына кейс-стади талдау. 2. Саяси мәдениеттің үлгілері (таңдау бойынша) туралы талдаулық анықтама дайындау. 3. «Рухани жаңғыру Қазақстан Республикасындағы сана мен ойлаудың жаңа моделінің стратегиясы» тақырыбында жоба-презентация жасау.</p>	ОН6 ОН7	1/5	Жағдаяттық тапсырма, презентация	БӨЖ-ге арналған тексеру парагы
10	<p><b>Тәжірибелік сабак.</b> <b>Тақырыбы.</b> Жаһандану және қазіргі жаһандық қауіп қатерлер.</p>	<p>Әлемдік саясат және әлемдік саяси үдеріс. Халықаралық қатынастар түсінігі және негізгі субъектілері. Халықаралық қатынастар теориясындағы теориялық әдістер мен негізгі дәстүрлі мектептер. Қазіргі халықаралық жүйелерінің</p>	ОН8	4	Ауызша сұрау	Чек парагы арқылы бағалау

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

39/-11

«Әлеуметтану және саясаттану» пәнінің жұмыс оку бағдарламасы

40-беттің 21-  
беті

		типологиясы мен олардың қызмет етуінің үрдістері. Әлемдік саяси үдерістердің жаһандануы мен қазіргі жаһандық қауіп қатерлер. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан. Қазақстан сыртқы саясатының басымдық бағыттары – ұлттық мұдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті күшету.				
	<b>ОБӨЖ. Аралық бақылау № 2</b>	Откен тақырыптар бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды менгеруін бақылау. Дәріс (6-8), тәжірибелік сабактардың (6-10), БӨЖ (7-9) тақырыптары	ОН1-ОН8	2/5	Тестілеу, ауызша, жазбаша жұмыс.	Чек парагы
	<i>Аралық аттестаттауды дайындау және откізу</i>			12		

9. Оқыту және бағалау әдістері	
9.1	Дәріс
9.2	Тәжірибелік сабак
9.3	ОБӨЖ/БӨЖ
9.4	Аралық бақылау

Дәріс-сұхбат, шолу, ақпараттық, мәселелік.

Ауызша сұрау, тақырыптық пікірталас, шағын топпен жұмыс: тестілеу, ауызша сұрау, жазбаша тапсырмалар орындау

Ауызша сұрау, эссе, реферат, баяндама, презентация, топтық жоба, шығармашылық жұмыс, жоба-презентация, салыстырмалы шолу, жағдаяттық тапсырма дайындау.

Тестілеу, ауызша, жазбаша түрде бақылау жұмысы (оқытушының тандауымен).

10. Бағалау критерийлері					
10.1 Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері					
ОН №	Оқыту нәтижелері	Қанағаттанарлық-сыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психологияның негізгі білімін ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби	1) Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі үғымдары мен категорияларын түсіндірмейді; 2) Әлеуметтану және саясаттану мектептерін мен негізгі білім парадигмаларын білмейді.	1) Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі үғымдары мен категорияларын жүйелейді; 2) Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі парадигмалары мен мектептерін	1) Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі үғымдары мен категорияларын жүйелейді; 2) Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі парадигмалары мен мектептерін	1) Әлеуметтік-саяси заңдылықтарды талдау үшін тұжырымдамалық-категориялық аппаратты қолданады; 2) Әлеуметтану және саясаттану мектептері мен

	қарым- қатынастың әртүрлі салаларында- ғы жағдайларды бағалайды		саясаттанудың негізгі парадигмалары мен мектептерін сипаттайтының	жіктейді	негізгі парадигмаларын салыстырады және талдайды.
ОН2	Жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді	1) Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарының мәні мен маңыздылығының және жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсетпейді; 2) Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын жіктеу критерийін білмейді; 3) Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарының рөлін жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесінде мәдениет элементтері ретінде сипаттай алмайды.	1) Қоғамның әлеуметтік- этикалық құндылықтарының мәні мен маңызын түсіндіреді; 2) Қоғамның әлеуметтік- этикалық құндылықтарын жіктеу критерийін біледі; 3) Жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесінде қоғамның әлеуметтік- этикалық құндылықтарының рөлін сипаттай алмайды.	1) Қоғамның әлеуметтік- этикалық құндылықтарының мәні мен маңыздылығының интеграциялық процестердің өнімі ретінде түсіндіреді; 2) Қоғамның әлеуметтік- этикалық құндылықтарын интеграциялық процестердің өнімі ретінде жіктейді және сипаттайтының рөлін түсіндіреді; 3) Жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесінде қоғамның әлеуметтік- этикалық құндылықтарының рөлін толық сипаттамайды.	1) Интеграциялық процестердің өнімі ретінде қоғамның әлеуметтік- нормалары мен әлеуметтік- этикалық құндылықтарын талдайды және салыстырады; 2) Қоғамның әлеуметтік- этикалық құндылықтарын ың түрлерін түсіндіруге белсенді қатысады және өзіндік ойлауды көрсетеді; 3) Жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесінде қоғамның әлеуметтік- этикалық құндылықтарының орны мен рөлі саласындағы жана ақпарат пен ғылыми жетістіктерді бағалайды.
ОН3	Игерілген білімді өзгеріп жатқан әлеуметтік-	1 ) Қоғамдағы әлеуметтік және тұлғааралық қатынастар туралы	1 ) Қоғамда әлеуметтік және тұлғааралық қатынастарды	1) Қазіргі қоғамның әртүрлі дамы кезеңдеріндегі	1) Қазіргі қоғам дамуының әртүрлі кезеңдері туралы

«Элеуметтану және саясаттану» пәнінің жұмыс оқы бағдарламасы 40-беттің 23-беті

	мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендір у және бейімдеу үшін колдана алады;	ақпаратты пайдаланбайды; 2) Алған білімдерін өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтену және бейімделу үшін колдана алмайды.	қолдана алады; 2) Қоғамның әлеуметтенуінің әртүрлі кезеңдері туралы мәліметтерді білмейді.	әлеуметтік және тұлғааралық қатынастарын жіктей алады; 2) Қазіргі қоғам дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі тіл, саяси бағдарламалар, мәдениет мәселелерін негіздей біледі.	мәліметтерді талдай алады; 2) Қазіргі қоғам дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі тілі мен мәдениетінің мәселелерін бағалай алады.
